мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді», - деп түсіндірме сөздікте дискурс ұғымына анықтама береді. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында орын алған мәдени, ұлттық құндылықтар тереңінен орын алады. Шығармада орын алған сол кезеңдегі қазақ отбасының жағдайы, ұлken мен кіші, туыс пен бауырлар арасындағы қарым-қатынасты, салт-дәстүрлерді айқын көруге болады. «Дискурс ұғымы арқылы қандай да бір тікелей оқырманға не тындаушыға бағытталған концепция белгіленеді. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасынан кейін ғана мағынасы болады, яғни мағынасы мен белгісін, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды» - деп көрсетілгеніндей «Ұшқан ұя» шығармасындағы белгілі бір кеңістікте орын алған жағдаяттардан ұрпақтар сабактастыры анық байқалады. Жалпы ақын-жазушылар шығармаларында екі жақты бейресми байланыс кезінде жалпылама тіл байлығы әр қылыш жақтан көрініс табады. Сондықтан Бауыржан Момышұлы шығармасында кейіпкерлер арасындағы диалог, яғни бейресми сәттегі сөз қолданыстары орынды, жинақы, әрі сәтті орын алған. Шығармада кейіпкерлер диалогы адамдардың өзара қарым-қатынасына қатысатын компонент ретінде көрінетін сөйлеу тілі, яғни «өмірге сіңген» сөйлеу тілі болып табылады. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында орын алатын ұлттық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс, т.б. көрсетуде жазушының оқырмандар бойына өнегелі тәлім-тәрбиені, адамгершілікті, ізгілікті сіңіруі ұлттық құндылығымыздың ерекшелігін көрсетеді. Шығармада салт-дәстүрлер, қазақ ауылында, оның ішінде қазақ отбасындағы негізгі жағдаяттарды көрсетуде патриоттық, Отансұйгіштік қасиеттердің бала Бауыржан бойына сіңуінің өзі ерекше болып отырады[6].

Тілдің әлеуметтік маңызы тіл мен мәдениетті, тіл мен қоғамды бірге алып қарағанда ғана ашылады. Адамның жан дүниесі мен болмысының, мәдениетінің қалыптасуына ұлken үлес қосатын халықтың баға жетпес байлығы – оның тілі. Тіл – мәдениеттің көзі, ұлт өмірінің айнасы. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, себебі ол мәдениеттің бір көрінісі. Ал, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Сонымен, тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортасын т.б. өмір сүру ұлгілерінен хабардар ететін құрал[3].

Білімді ұрпақ – Елдің тұрақты дамуының кепілі тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі. Бала Бауыржанның дүниеге келуі сәтінің өзі ерекше көрініс табады, бала Бауыржанға әжесінің ыстық пейілі, әкесінің мейірімі, әпкелерінің бауырына деген сүйіспеншілік сезімдері терең козгалады. Аңыз тұлғаға айналған Б.Момышұлы бірден әскери адам болып кетпейді, оған да отбасының ықпалы болғанын көреміз. Жазушының аталған шығармада ресми тіл қолданысынан гөрі бейресми тіл қолданыстарынан ұлттық құндылықтары бойына сіңген бала Бауыржанды жан-жақты тани түсеміз.

Бауыржанның әжесі Қызтумас ақылды, ауылды бір уысында ұстаған, ал анысы Рәзия көркіне ақылды сай адам болған. «Ұшқан ұяда» автор: «Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбіан, Сәлима, Әлима кілең қызы бала болды. Момыш әкемнің айтудынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туылдын» - деп айтады. Шығармада Бауыржан ата-бабасы, ата-анасы туралы мәліметті береді. Анысы Рәзия Бауыржан дүниеге келгеніне үш ай болғанында Имаш атасына алып барған екен. Сонда атасы балаға жас бүтәк ұстасып: «Құрық деп берсем, құл болма, Шыбық деп берсем, шіл болма.

Бәрінен де шырағым, баяны жоқ ұл болма» - деген екен. Байқап отырсақ, Бауыржан ата-баба дәстүрін сақтаған берекелі отбасынан шыққанын көреміз. Бауыржанның арғы бабасы Ақментей батыр болған. Бабасы Имаш – орта бойлы, от жанарлы, жүртқа сыйлы, шежіреші қарт. Әкесі Момыш – ағаш ұстасы, етікші, зергер, ауыл аймағына әйгілі, сыйлы болған адам. Әжесі Қызтумас ауыл анысы,

балаларының болашағын алаңдап жүретін адам ретінде сипатталады. Шыныменде, әжесі балалары, туыс-туған, бауырларының қамын ойладап жүреді. Ізгі адамгершілік қасиеттерді немересі Бауыржанның бойынан да көреміз. Жазушы-адресант тындармандарына өз өмірбаянынан сыр шерте отырып, белгілі тұлға болып қалыптасуына әсер еткен ең басты кейіпкерлер атасы Имаш, әжесі Қызтумас, әкесі Момыш пен анасы Рәзия болғанын кез келген оқырман дөп басып таниды. «Ресми тіл – белгілі бір территорияда қолданылатын зандар, қаулы-қараптар, іс қағаздарында қолданылатын құқықтық мәртебесі бар тіл», - деп сөздікте ресми тілді атап көрсетеді. Ал бейресми тіл - құнделікті өмірде жиі кездесетін тіл көрінісі. Оны қолдану жиілігіне қарамастан, барлық жағдайлар бейресми тілге жол бермейді. Қоңғырау жағдайларда оны дұрыс қолданбау түсінбеушілікке әкелуі мүмкін. Сөйлеу тілі – әдеби тілдің бейресми жағдаятта қолданылатын, адресант пен адресаттың тікелей қатысуымен диалог түрінде жүзеге асатын ауызша түрдегі машиқты сөз. Осы сипатына байланысты сөйлеу тәуелсіз Қазақстанның жас ғалымдарының зерттеулеріндегі білім жүйесінің өзекті мәселелері тілін бейресми дискурс деп атауға болатынын ғалымдар дәлелімен түсіндіреді. Қарым-қатынастың бейресмилігі, белгілі бір жағдаятқа байланысты тәуелділігі сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің күрделі екенін танытады. Сөйлеу тілі диалог формасында жүзеге асып отырады. Диалогтің ойдағыдан болуы, ойдағыдан аяқталуы үшін қарым-қатынас жасауда адресат пен адресант байланысы бүкпесіз ашық көрсетілуі керек. Қарым-қатынас диалогы бейресми сипатта көрініс табады. Егерде шебер жазушы өз шығармасында бейресми тіл қолданысын (ауызекі диалог) шебер жеткізе білсе, адресант пен адресат бейнесін шынайы сипат алады.

Жазушы «Ұшқан ұя» шығармасында тындарман қауымына өз тарапынан сөйлей отырып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ашық көрсете біледі. Бейресми тіл жазудан гөрі сөйлеу кезінде жиі қолданатынын білеміз, ал жазбаша қарым-қатынасты шынайы көрсету үшін бейресми тілді орынды қолдану керек.

Бейресми тіл дискурсы аясын қарастыруда:

сұхбаттасуышылар арасындағы байланысты шынайылығын;  
кейіпкерлер арасындағы сенімді, тұрақты көзқарас адамдары екенін;  
ата мен әже, ата мен бала, бала мен отбасы, бала мен араласатын ортасын көрсетуде ұлттық құндылықтарымыздың ерекшелігін;  
әңгімелесу барысында екі жақтың көзқарасын ашық көрсету үшін;  
жазушы мәтіндегі сөз қолданыстарын шебер қолданғанын айқын тани түсеміз.

«Ұшқан ұя» шығармасындағы адресант пен адресат мәселесін жан-жақты ашып талдайтын болсақ, бейресми дискурс аясын түсінеміз. «Адресант» - 1) белгілі бір тілде қарым-қатынас жасаудағы сөйлеуші; 2) қарым-қатынас жағдаятының бір сынары (адресантпен бірге, яғни сөйлеуші мен тындаушы арасындағы) ресми-бейтарап-достық қатынастар, қатынас құралы, қатынас орны компоненттерінің бірі; 3) ақпарат беруші адам, ой көзқарасын жеткізуіші т.б[6].

«Ауызша немесе жазбаша мәтін түрінде рәсімделген хабарламаны жіберуші. Мәтіннің авторы немесе мәтінді жеткізуіші диктор адресант болып табылады» - деп ғалым Нұргелді Уәли түсіндіреді. Сонымен қатар, «Адресант өз сөзінің тигізер ықпалын болжай отырып, өзінің түпкі мақсатына жету үшін адресаттың қабылдауына тиімді баяндау тәсілін қолданады. Адресант хабарлайтын мәтінін адресаттың дүниетанымы мен ой-өрісіне сәйкес тандауы тиіс. Көркем жазба мәтіннің адресанты адресантпен тікелей байланыска түе алмайды. Соңдықтан адресаттың мәтінге деген ынта-зейінін арттыру үшін көркемдегіш тәсілдерді пайдаланады» - деп анық атап көрсетеді. Жазушы Бауыржан Момышұлы өзін адресант ретінде білімді үрпақ – Елдің тұрақты дамуының кепілі шынайы бейнесін көрсете отырып, оқырман немесе тындармандар қауымына көркем тілмен жеткізе

біледі. Сондай-ақ жазушы-адресант бала Бауыржан мен өмірінде кездесіп отыратын әрбір кейіпкерлері адресат болып табылады[5].

Ана тілдегі дискурс үш өлшеуіштен тұрады:

- 1) лингвистикалық, яғни, тілді қолдану;
- 2) білім, ақпарат, көзқарасты берудің когнитвті аспекті;
- 3) әлеуметтік жағдаяттардағы сөйлеу әрекеттерінің субъекттерінің өзара әрекеттесуінші интерактивті аспекті.

Әрине бұл үш аспект бір бірімен тығыз байланысты. Шығармадан адресант-жазушының дискурс үш өлшемі негізінде өрбітетінін көре отырып, адресанттың:

- 1) тіл байлығын;
- 2) автор көзқарасы тұжырымдылығын;
- 3) әлеуметтік жағдаяттан туындаған өзара әрекеттерінен көркем өрілген құндылықтарды жеткізе алғанын байқады[3].

Сөйлеу тілі – әдеби тілдің бейресми жағдаятта қолданылатын, адресант пен адресаттың тікелей қатысуымен диалог түрінде жүзеге асатын ауызша түрдегі (спонтанды) машиқты сөз. Осы сипатына байланысты сөйлеу тілін бейресми дискурс деп атайды. Қарым-қатынастың бейресмилігі, ситуацияға тәуелділігі, машиқтылығы сөйлеушілердің әлеуметтік рөлі, психологиясы, эмоциялық күйі сөйлеу тілінің құралымдық сипатының күрделі екенін танытады. Сөз субъектісі, яғни сөйлеуші өзін тұлға ретінде көрсетеді. Оның сөйлеген сөзінен белгілі бір этноска, ұлтқа тән екені, мәдениет деңгейін, дүниетанымдық ерекшелігін, этикалық және құндылықтар жөніндегі түсінігін байқатып тұрады[5].

Сөйлеу тілі диалог формасында жүзеге асады. Диалогтің ойдағыдай болуы, ойдағыдай аяқталуы үшін қарым-қатынас жасауда автор тарапынан берілетін бағалау деп қабылдау керек. Жазушы Бауыржан Момышұлы адресант ретінде көрінсе, адресаттар кім болуы мүмкін? Әрине, олар кейіпкерлері мен тындармандар қауымы болып табылады.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы адресант пен адресат көріністері тәуелсіз Қазақстанның жас ғалымдарының зерттеулеріндегі білім жүйесінің өзекті мәселелері Жалпы қазақ салт-дәстүрлерінің қалыптасуы әрбір отбасынан бастау алады. Отбасы тәрбиесінің теориялық мәселелерін сөз еткенде, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін ерекше атап өтуге болады. Бала Бауыржанның психологиясын, отбасындағы тәрбие алу рәсімдерін осы кітапты талдау барысында көреміз. Тәлім-тәрбиедегі жарасымдылық бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Өйткені баланың өмір сүрге құштарлығының оянуы өзін қоршаган ортасына, тәрбиешісіне, ата-анаға, бірге жүрген құрбастарына, олардың құнделікті іс-әрекеттеріне байланысты. Ел аузынан жинаған шежіре, жыр-дастандар, бата-тілектердің мән-мағынасы зор, балаға тәлім-тәрбие беруде өшпес өнеге екендігі анық.

Озінің ата-бабасын үлгі тұтып, олардың қалдырған мол мұрасын жадында сақтап, өзін кейінгі ұрпаққа жеткізе білсе, ол адамдықтың белгісі екендігін көрсетеді. Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азamat үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Мұның өзі қазактардың этникалық ерекшеліктерін танытады, әрі оның қыын-қыстау кезендерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған.

«Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

-кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

-мен Момыштың ұлымын.

-Момыш кімнің баласы?

-Момыш – Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ел танудың басы ең алдымен, осылай басталатынын ол кезде кім білген» - деп Бауыржанның өзі айтып өткеніндей жеті атасын жатқа білетіндігі көрінеді.

«Ұшқан ұя» шығармасында Қызтумас әжесінің ұлы Момышқа қызы тандауы, Момыш пен кенже ұлы Момынқұл, әжесі мен нағашысы Серкебай, әпкелері мен кішкене Бауыржан, әжесі мен Иманқұл, Әлмембет би, Бабас пен Имаш, ауыл ақсақалдары мен бала Бауыржан, т.б. диалогтарынан бейресми дискурс көрінісі айқын беріледі[4].

Көркем шығарма ретінде тындармандарына тілі жеңіл, ойға оралымды.

Сөйлеушілердің сол жағдаят кезіндегі әлеуметтік орнын, психологиялық жағдайын, эмоциясын айқын көрінеді. Ауызекі тіл көрінісінде болғанымен, тындарман қауымына салмақты ой тастан отырады. Жазушы «Ұшқан ұя» повесі арқылы бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік болмысын салт-сана, әдет-ғұрпын өз ауылы арқылы ұрпақ алдына ашық жайып салған. Жариялыштық заманың желі еспей түрганнан-ақ жоғалып, құрып бара жатқан салт-дәстүр ата-мұрамыздың шын жанашыры бола білді. Бауыржан бір әңгімесінде:

«Тарихты білу керек. Дәстүр, әдет-ғұрпып, аспаннан түскен жоқ. Біз олар білімді ұрпақ – Елдің тұрақты дамуының кепілі жөнінде үлкен қате істедік. Сол қатені осы күйге дейін түзей алмай келе жатыр» - деп қоғамға аңы сын айтқан.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы адресант пен адресат арасындағы бейресми дискурс көріністері Санага жастай сіңген өнеге, тәрбие әсері теңдесіз құбылыс ізі екендігін өз тәжірибесінен жақсы сезінген ол «Ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам... Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сінбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмасын деп қорқамын... балаларымның мен сияқты ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қатты өкінем, қабыргам қайысады», -деп тебіренуі адам санасында тәрбие берілудің алғашқы сатылары өмір бойы сақталатындығын ескериудің болса керек. Осы секілді үлкен әлеуметтік мәселелегі тәлім-тәрбиелік мәні зор өзекті ойлары көпшілік қауымға үлкен ой таставиды.

«Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасында халқымыздың үлкенді сыйлау ата-ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттері қазақтардың ары мен намысы үшін жан аямайтындығын халық ауыз әдебиетінің адамгершілікке, азаматтықта тәрбиелейтін жақсы үлгілерін бүкіл дүние жүзі әдебиетінің асыл мұраларымен тенестіре суреттейді» - деп әскери ғалым К.Серікбаев шығарманың ерекшелігін атап өтеді.

«Ұшқан ұя» шығармасы өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбиесі мол, ұлттық құндылықтарды сақтаған, салт-дәстүрлерді сипаттайтын, ата мен әже, әке мен ана, туыс-туған, бауырлар арасындағы сыйластықты көрсететін бірден-бір, қайталаңбас туынды болып табылады. Шығармада ұлттық ерекшелігімізді танытатын бейресми дискурсы қолданысы жазушы-адресант пен тындармандары-адресатқа халықтың салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары негізін шебер жеткізе білген. Яғни, көркем шығармадағы ұлттық ерекшелігіміз ашылады, салт-дәстүрлер көрініс табады, ауызекі тіл немесе бейресми тіл қолданысы тіл білімінде алатын орны, өзіндік ерекшеліктері дараланып көрсетіледі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998 ж.
2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі F. Қалиев, Алматы: Сөздік-Словарь, 2005 ж.
3. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2007 ж.
4. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Повесть,әңгіме, нақылдар. Алматы: Атамұра, 2003 ж.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Алматы, 2007 ж.

6. Арутюнова Н.Д. Дискурс//Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990 ж.

### **Ш.С. ОМБАЕВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсантты*

### **ғылыми жетекші – А.К. САРИЕВА**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының ага оқытушы*

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНДЕГІ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ҚАСИЕТІ**

*Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріндегі ұлтжандылық қасиетті насиҳаттау мақсатында оқушылардың белсенді саналық іс-әрекеті мен шығармашилық мүмкіндіктерін жетілдіру, өздігінен білім алуға қабілетті тұлға дайындау.*

*Кілт сөздер: Кеңес Одағының батыры, қазақ, Отан, дивизия, майдан, үрпақ.*

Ел еркіндігін, бостандығын, тәуелсіздігін қанымен қорғаған Б.Момышұлы сынды тұлғаны үлгі, өнеге ету, батыр Бауыржанның туған топырағына тартқан қарапайым қазақтық адами қыр-сырларын тану, өмір жолына шолу арқылы ерлік даңқын асқақтату.

Бүгінгі күннің биігінен сол күндерге көз жүгірту арқылы, саналы түрде Отан алдындағы, осы күнге жеткізген ұмытылmas тұлғалардың алдындағы қасиетті парызды сезіну.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамыту.

Оқушылардың тілдік қарым-қатынасын, сөйлеу дағдыларын және ізденіс белсенделіктерін арттыру.

### **Озектілігі:**

Жаңаны тез, өз бетімен игеріп, дұрыс түсінетін, істің мағынасын терең және нақты түсінуге тырысатын, даулы мәселелерді оң шеше билетін байқағыштық қасиеті өте жақсы дамыған, сауатты сөйлейтін, білімді нақты игеріп, оны практикада жүзеге асыратын, әдебиеттік тілді, теориялық білімді тез менгеріп, әдебиеттік үрдістің жүру барысына болжам жасай алатын жеке тұлға қалыптасады.

Сыныпта мұндай оқушының болуы мұғалімнің жұмысына оң әсер етеді.

Оқушылардың сабакқа дайындығы күшеюі арқылы сынныптың интеллектуалдық деңгейін көтереді.

Тарихи жағдайға байланысты өлең шығармалардың маңыздылығын қалыптастыру.

Мұғалімнің арнайы тапсырмалар дайындауы барысында оқушының ізденгіштік қасиеті үдей түседі яғни соған жағдай жасау керек.

### **Күтілетін нәтиже**

Нақыл сөздердегі өмір шындығын өз бойына жинактаған құдіретті тұлға. Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы – XX ғасырдың биігінде тұрған дара тұлға екенін таныған оқушы.

Тұлғаның Баукеңнің өміріне деген көзқарасына икемі мен құштарлығы қалыптасады, интеллектуалды ой-өрісі дамиды.

Ой-өрістері кеңейеді, тіл байлықтары артады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында атап өткендай, білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың рухани және пәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен оны өзіндік қабілетінің дамуына жағдай жасау. Қоғам алдындағы тұрған негізгі мақсаттардың бірі – білім беру жүйесін жаңарту, XXI ғасырда жалпы білім беретін орта мектептерде оқушыны жеке тұлға ретінде дамытуға байланысты білім берудің жаңа үлгісін таңдау.

Соған қарай қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің қажырлы еңбегі мен талантты балалармен жұмыс істеу қажет. Ұылыми тәжірбие жасау, жарыс ойындар, ойлан тап, көшбасшы т.б. кештер, сонымен қатар білімді көтеру мақсатында балалармен жұмыс істеу тиімді. Талабы таудай, қабілеті мол, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат иғілігіне үлес қосып жатса, олар ұлттымыздың үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысындағы әдістемесінің қайсысы болсын, оқушының сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуды мақсат ететін болғандықтан, олардың дара ерекшеліктерін ескеру қажет.

Ойын – балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу үрдісінде ойын арқылы оқытуда танымдық тапсырмаларды орындау шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді. Шығармашылық оқушының ізденуге жетелеп, өз ісіне сын көзбен қарай білуге, өзін өзгемен салыстыруға мүмкіндік туғызады.

Бұл жобада оқушылардың танымдық белсенділігі мен қызуғышылығы артады, өз бетінше ойлануға үйренеді, қосымша әдебиетпен жұмыс жасай алады. Берілген тапсырманы орындауда балалардың жауапкершілік парызын сезінуіне тәрбиелейді. Логикалық ойлау қабілетін дамытады. Осындағы ізденіс жұмыстары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар білім сапасының көтерілүіне арнайы біліктіліктің қалыптасуына әсерін тигізері сөзсіз.

Оқушы мақсат қоюға, жоспарлауға, ұйымдастыруға, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Бұл оған оқу әрекетіндегі өз күшін байқап, сезінуіне, білім алудың деңгейін өзі анықтауына, өзінің білім, білік дағдыларындағы кемшиліктерін табуына мүмкіндік береді.

1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында туған. Кеңес Одағының Батыры. ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976).

Шымкенттегі жетіжылдық интернатты бітірген (1928) соң, бастауыш мектеп мұғалімі, ауатком хатшысы, милиция бастығы болды. 1932 жылы Қызыл Армия қатарына қайта алынады, взвод, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі, ал 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы. Ұлы Отан соғысы басталысымен 316- атқыштар (кейіннен 8-гвардия) дивизияның жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанды. Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, пол командирі болды, соғыстың соңғы жылдары (1944-1945) осы дивизияны басқарды.

Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, қаһармандық данқы аңызға айналды. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітірді. Ұлы Отан соғысының қаһарманы, атақты қолбасшы Б. Момышұлы соғыстан кейін Әскери академияда білім алғып, әскери қызмет атқармақ болады. Дегенмен оның бірнеше жылдар бойы Отан қорғау жолындағы атқарған еңбегі түрлі себептерге байланысты елеусіз қалдырылып, 1950 жылы Калинин қаласындағы Әсери Академияға оқытушылық қызмет атқару үшін жіберіледі. 1956 жылға дейін әскери академияда сабак берді.

**Бауыржан Момышұлының бейнесі – нағыз батырдың бейнесі!**

Оның қай суретіне қарасаң да, оттай өткір, баданадай үлкен жанарын байқамай қалуың мүмкін емес. Көзкөргендердің айтуынша, соғыс кезінде немесе ашууланған кезде бұл көздер назағайдың отындай жарқылдаған. Бұл – Бауыржан батырың ең басты ерекшелігі.

Бет-әлпеті сұсты, маңдайы кен, шашы тікірейген қайратты, суреттерде қос иығын қомдап, ұшуга дайын отырған қыран бүркітті көз алдыңа елестетеді. Қатулы сәтінде оған қарсы сөз айтпақ түгілі, көзіне тіке қарау мүмкін емес.

**Батырың бойындағы асыл қасиеттерді сараласақ**, ол – құралайды көшге атқан мерген, әскери қолбасшы, әскери ғылымның нағыз білгірі, турникке тартылу және басқа спорт түрлерінен де озық жетістікке жеткен, ат құлағында ойнайтын шабандоздығымен және атбегілігімен аты шыққан, Мәскеу тубіндегі шайқастағы Ақбоз аты туралы әңгіме көп, сөзге тапқыр және шешен, генералдарға сабак берген ұстаз, кітабы әлемге тараған жазушы, бильярд ойынының шебері, суретші.

Мінезі тік. Жас кезінен кітапты көп оқыған, үлкендерді сыйлаған, білімділердің сөзін құлақ қойып тындаған. Өз ұлты мен оның тілін, дәстүрін жанындағы сүйген. Әрқашанда Отан үшін жанын қиоға дайын түрған.

### **Бауқенің еңбектерінен**

Қазақ әдебиетінде әскери тақырыптың негізін қалаған жазушылардың бірі де бірігейі – Бауыржан Момышұлы. Бұл жолға бірден келді десек, қателескен болар едік. Әжесінің айтуындағы қазақтың бай ауыз әдебиеті мен әке өнегесін тындалған есken Бауыржан Момышұлы жастайынан әдебиетке әуес болып өседі. Әскери тақырыптағы шығармалар жазбас бүркіншілікке өткізу өлеңдер, шағын әңгімелер жазады. Ал оның майданда жүріп жазған күнделіктітерінің және хаттарының қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше.

Сол сұрапыл соғыс жылдарында қағаз бетіне түскен күнды дүниелердің негізінде оның есімін әлемге танытқан бірнеше шығармалар жазылды. Ел мен жердің қорғау жолында мерт болған жауынгерлердің рухының алдында үнсіз қалмау үшін, олардың ерлік істерін елеусіз қалдырмау мақсатында қарудан қолы босағанда қалам алып, көрген-білгендерін, көкейге түйгендерін қойын дәптерін түсіріп отырған.

Жауынгердің ерлігін, соғыс психологиясын, Отанды қорғау жолындағы жауынгер төзімділігін, батырлығын, сезімін шынайы түрде көркем тілмен суреттеудің қыын екенін Б. Момышұлы соғыс тақырыбына қалам тартқан жазушыларға әрдайым ескере отырып, 1944 жылы былай дейді: «Соғыс тақырыбына жазудың өте қыын екенін қайталап айтамын, Әзірше ізін сұыттай сұлбасын, нобайын түсіріп қою керек, бірақ та олардың өзінен адамның сурет салуға әрекеттенген талпынысы қорінетіндей болсын, ал нобайсыз қалдыруга болмайды. Қазір бұл материалдармен соғыстан кейін бірнеше жыл жұмыс істей алатындағы әрі оны өндеп, нағыз келбетіне, сипатына келтіре алатындағы етіп жазу керек».

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Тайшыбаев К. Елге мұра, ұрпаққа ұлғі ерлік: [Атырау облысының Ұлы Отан соғысындағы женіске қосқан үлесі] // Жалын.- 1996.- N9-10 - 223-227 бет.
2. Әбжанов К. Қазақстандықтардың женіске үдесі: Қазақ халқы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында // Қазақ тарихы.- 1996.- N4.- Б.43-46.
3. Кривощеков Л. Женіс көктемі: (9 мамыр - Женіс күні) // Қазақ әдебиеті.- 1997.- 6 мамыр (N18) – 4 бет.
4. Алексеев С.П. Қаһармандар: Ұлы Отан соғысы тарихынан хикаялар/ Ауд. Б. Бабақов.- Алматы: Жалын, 1987- 336 бет.
5. Аманжолов К. Р. Ерліктің жарқын беттері: Ұлы Отан соғысында казақстандық құрамалардың женіспен өткен жолдары. 1941-1945.- Алматы: Қазақстан, 1987- 96 бет.

## **H. ОРАЛБЕК**

*Сагадат Нұрмагамбетов атындағы Құрлық Әскерлері Әскери институтының  
курсанты*

*ғылыми жетекшісі - подполковник Р. АБДРАХМАНОВ*

*Сагадат Нұрмагамбетов атындағы Құрлық Әскерлері Әскери институты тәктика  
кафедрасының оқытушысы*

## **«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ, БАТЫР, ДАРЫНДЫ ҚОЛБАСШЫ ЖӘНЕ ҚӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ»**

*Қазақстан шыққан ұлы қолбасшы ұлттық  
патриотизмнің үлгілі тұлғасы  
Бауыржан Момышұлына арналады.*

*Осы баяндамада Кеңес Одағының Батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік  
согыстың даңқты жсауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тәктик Бауыржан  
Момышұлының өмірбаянымен согыста қолданған әскері тәктикалық іс- шаралары  
туралы тәжірибелері баяндалады.*

*Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, әскери педагогика мен әскери психология,  
Мәскеу үшін шайқас, Согыстан кейінгі жылдары.*

Бауыржан Момышұлы 910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Дулат тайпасының Шымыр руынан.



### **Соғыс алдында**

1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді.

1932-1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді.

Қазақтың даңқты ұлдарының бірі, Кеңес Одағының Батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының атын әлемге танытқан 1941 жылдың күзінде неміс басқыншыларынан Мәскеу

қаласын қорғау жолындағы алты айлық айқас болды. Осы қанды қырғында қолданған, кейін әскери өнер тарихында «Момышұлы серіппесі» деген атпен қалған қорғана жүріп, ұрыс салатын әйгілі маневрі әлемнің бірқатар елдеріндегі әскери білім беру оқу орындарында арнайы сабак ретінде оқытыла бастады. Міне, сол сұрапыл құндердің басталғанына биылғы күзде 76 жыл мерзім толып отыр [1].

Ортақ Отанымыздың сол кездері жүргегі саналған қаланың маңын қанды қасапқа айналдырған бұл бағыттағы ұрыс қымылдары екі кезеңнен тұрды. Мұның біріншісі 1941 жылғы 30 қыркүйек пен 4 желтоқсан арасын алғып жатса, екіншісі 5 желтоқсаннан 1942 жылғы 20 сәуірге дейінгі аралықты қамтыды. Герман әскери басшылығының блицкриг жоспары құрамына кіретін осы «Тайфун» операциясы сәтсіз аяқталуына генерал И.В.Панфилов дивизиясы айрықша зор үлес қосты.

Даңқы осы шайқаста құллі әлемге 8-інші гвардиялық дивизия атауымен тарайтын 316-ншы атқыштар дивизиясы 1941 жылдың шілде-тамыз айларында Алматыда құрылды. Осы әскери құрылым құрамында шайқасып, батальон командирінен дивизия басқаруға дейін баратын әйгілі Бауыржан Момышұлының

атағы да тап осы Мәскеу түбінен дүйім жүртқа танылды. Мұнда өз батальонын қаншама рет дүшпан қоршауынан аман алып шыққан аға лейтенант соғыстың оперативті-тактикалық ғылымына «Момышұлы серіппесі» деген жұмылысты қорғаныс кезіндегі ерекше терминді енгізуімен де әскер өнерінің тарихында қалды. Кейін ұрыс қимылдарын жүргізудің бұл тактикалық тәсілі әлемнің көптеген елдерінің жоғары әскери оқу орындарында оқытылатын болды [1 пар22].

Құрамында 13 мың жауынгері бар дивизия 18 тамыз күні Алматы вокзалынан майдан даласына қарай жүріп кетті. Ол тамыздың соңында Новгород түбіне екінші әшалон болып жетті. Ставка құрылымды фашистерді Ленинград маңынан түре қууға қоймақшы болып еді. Бірақ күтпеген жерден Мәскеу түбінде пайда болған ауыр ахуал жоспарды құрт өзгертіп жіберді. Осы тұста фашистер Брянск, Вязьма, Смоленск түбінде 20 дивизияны қоршауға алып, астанаға баратын жол ашық қалды. Сондықтан жоғары командалық басшылықтың бүйрығымен 316-ншы дивизия Волоколамск түбіне шұғыл жөнелтілді.



Мұның алдында армия қолбасшысы Георгий Жуков немістерге жасақшыларды, милиционерлер мен Кремль курсанттарын қарсы қорған еді. Қолбасшы Константин Рокоссовский қоршаудан шыққандар мен айып батальоныңдағылардың басын құрап, тағы бір құрылым жасады. Ал Панфиловтың дивизиясы алдыңғы шепке 14 қазанда келіп жетті. Енді қаланы жаудан қорғау міндегі осы әскери күшке жүктелді. Панфиловшылар ұрысқа алғаш рет 16 қазанда кірді. Олар немістердің танктер тобы мен үш атқыштар дивизиясына қарсы шықты. Әдетте, дивизияның қорғаныста қамтитын аумағы 8-12 шақырым болса, 316-ншы құрылым 60 күн бойы 41-44 шақырымға созылған атырапты үстап тұрды [1 пар 26].

Бұл ұрыстардың барысында Панфилов аз күшпен тиімді қорғана білудің тактикасын ойладап тапты. Ол соғыс қимылдары кезінде жекелеген бекініс тораптары мен шабуыл желілерінің шебін ұйымдастырып отырды. Мұның

мәні мынада еді. Шайқасты жүргізетін жауынгерлер окоптар қазып алып, шабуыл аяқталғанша қорғанысты ұстайды. Ал қаранды түскеннен кейін жасырын артқа қарай кетіп, 1-3 шақырымдық қашық жерге жайғасады. Олар барған жерлерінде траншея қазып, орналасып алғанша жаумен Бауыржан Момышұлының батальоны шайқаса тұрады. Міне, тап осы кездे кейіннен «Момышұлы серіппесі» деген атап алатын термин бірінші рет қолданысқа енгізілді. Әділдігін айтқанда, бұл, шын мәнінде, генералдың теориялық ой-толғанысынан туған тактика еді. Батырдың өзі оның анықтамасын былайша түсіндірді. «Мен оны Мәскеу түбіндегі қорғаныс кезіндегі ұрыстарымыздың беріне шайқас барысында дүшпанның жолын кесіп өтіп, соның жағына шығып, соңымыздан ондаған шақырымға дейін оларды ертіп әкеліп, сосын қайтадан кері соққы беріп барып, тағы да ілгері жылжып кетіп қалу тән болғандықтан, серіппе деп атадым. Осында маневрлермен жаудың күшін жанжаққа ыдыратып жіберіп, біздің бөлімдеріміз қайтадан негізгі қүшке қосылатын еді. Бұл, шын мағынасында, дүшпанды біраз діңкелете тұрып, уақыттан ұтуға мүмкіндік беретін айла болатын» деді ол арада көптеген жылдар өткен соң.



Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы өзінің әлі оқ-дәрі түтінін іскеп көрмеген сарбаздарының бір белігін дивизия жаппай ұрысқа қосылатын күннен сәл бұрын, 15 қазанның түнінде өзгеше жауынгерлік сынақтан өткізіп көрді. Жауынгерлік рухтарын көтеру үшін әр белімшеден екі солдаттан алып, ұзын саны жүзге жеткен сарбаздарды сонына ертіп алған ол түн жамылып, Середа деревнясының сыртқы жағына келеді. Сол жерде алдағы ұрыс қимылдарының жоспарын түзіп, гитлершілдердің осында орналасқан үш жүз адамдық гарнизонына шабуыл жасайды. Кескілескен шайқас екі сағатқа созылды. Осылай түткілдан соғып, жауды біраз күйретіп қайтқан жас жауынгерлер бір түннің ішінде тендессіз тәжірибе алды. Дивизия 15, 16, 17 күндері тарихта астананы қорғаудағы ерлікке толы шайқасты сәттердің паралларын қалдырыды.

Осы үш күннің ішінде Мәскеуге басып кіруге тиіс болған неміс-фашист әскерлері орта жолдан тоқтатылды. Мұнда құрбандыққа шалыну үшін жіберілген дивизия қорғаныс соғыстары барысында қаншама қатты соққы алғанымен, діңін сақтап, аман қалды. Сол күндерде комбат Бауыржан

Момышұлы өзін «шайқас алаңынан шығып кету және шегінү» секілді ауыр ұрыс қимылдарының бірін ұйымдастыру мен жүргізуіндегі үлкен шебері ретінде танытты. Мұны ол ылғи адам құші мен қаруы саны әлдеқайда көп жаумен айқаста тиімді қолданып, тұйықтан жақсы шығып кетіп жүрді[2].

Қазір қолда бар құжаттардың бірі Момышұлы батальонының Панфилов дивизиясында ұдайы арьергард ретінде пайдаланылып, керекті кезінде негізгі қүштердің шегініс жасауын қамтамасыз етіп отырғанын айғақтап көрсетеді. Өзінен құші басым дүшпан әскерлерімен жүргізілген сол ауыр шайқастардың бәрінде де батальон алдына қойылған міндетті абыраймен орынданап қана

қоймай, сонымен бірге, жауынгерлік қабілетін сақтап қалды. Бұған 8-інші гвардиялық панфиловшылар дивизиясының командирі, полковник Борис Серебряковтың сол кездегі әскери баянатында жазған: «Қоршау жағдайында арнайы тапсырмаларды орындау үшін дивизиядан 5 рет жаудың тылында бөлініп қалған Б.Момышұлы адам құші мен техниканы сақтай отырып, өз батальоны мен бекітіліп берілген бөлімшелерді шеберлікпен алып шыға білді» деген жолдары толық айғақ болады. Ал армия генералы Иван Чистяков өзінің «Служим Отчизне» деген кітабында Панфиловтың айрықша ерлігі мен шындалғандығы үшін Бауыржан Момышұлын бағалай білгенін атап өтеді [3]. Мәскеу түбінде оның қоршауда қалып қойған батальоны бірнеше күн полктан еш хабар ала алмай, өзінен құші басым жаумен қайтпай шайқасады. Екі тәулік кескілескен ұрыс жүргізген гвардияшылар 400-ден астам фашистің көзін жойып, олардың Волоколам тас жолы бойындағы қозғалысын тоқтатып тастайды. Ақыры орман алқаптары мен жазық далаларда әртүрлі маневрлер жасау арқылы қоршау шенберін бұзып өтіп, өзінің полкына келіп қосылады. Осыдан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің жанында ұдайы резерв ретінде ұстап, ең қызын жағдайларда ұрыс қимылдарына қосып тұруға шешім қабылдайды.





Мәскеу түбіндегі шайқастарда 8-інші гвардиялық дивизиямен талай рет бетпе-бет келіп, ылғи жеңіліс табумен болған немістің 4-інші танк тобын басқарушы генерал-полковник Эрих Гепнер өзінің кезекті бір баянатында оны «ұрысты жүргізудің барлық жарғылары мен ережелерін бұзып соғысатын, солдаттары тұтқынға түсе қоймайтын, өз істеріне шектен тыс берілген және өлімнен қорықпайтын жабайы дивизия» деп атапты. Осы жорықтың ен ортасында жүрген Бауыржан Момышұлы 1941 жылдың қараша айында полк басқаруды қолға алады. Ол полкті басқарып тұрған кезінде Демьян қаласының түбінде өз әскерлерін 20 топқа бөліп орналастырады. Сөйтіп, немістердің осында алты деревняга бөлініп орналасқан «Өлі бас» деген тұтас бір дивизиясына түн ішінде бірнеше бағыттан кезекпе-кезек соққы беруге кіріседі. Баукеңнің топтары жау жағы қорғаныс шебін құрып бола бергенінде дереге басқа жаққа кетіп қалып, келесі қапталдан атысты бастап кетіп тұрады. Көшпелілер тәсілімен әр қызырдан бір беріп тұрған соққы фашистерді әбден састирады. Олар өздеріне тұтас дивизияның шабуыл жасап жатқанына еш күмән келтірмейді. Негізінде, сол сәтте Момышұлы сарбаздарының саны небәрі 157 адамға еді. Олар осындағы жойқын соғыстың арқасында 1200 жау солдатын жер жастандырады.

Осыған ұқсас ұрыс қымылдары жазушы Александр Бектің 1942-1944 жылдары жазылған «Волоколамское шоссе» (қазақшасы – «Арпалыс») атты романында жан-жақты суреттеледі. Кітап жарыққа шыққан бойда қалың оқырманның сүйікті туындыларының біріне айналды. Сондығынан болар, шығарма аз уақытта бірнеше тілге аударылып үлгерді. Романды, әсіресе, әскери адамдар сүйіне оқып, өздеріне керекті оқулық ретінде қабылдады. Мысалы, 1946 жылы белгілі тәржімашы Шломо Эвен-Шошан кітапты иврит тіліне аударып берді. Мәскеу түбіндегі қала жолын білмейтін иврит тілді қауымға кітап аты оншалықты түсінікті бола қоймаған соң, аудармашы оны «Панфиловшылар» деген атпен дайындалап, сол кезде әлі Палестинаның мандатында тұрған Тель-Авивте басып шығарды. Осы күндері Палмахтағы еврей ишуви астыртын қарулы қүштері роталары бірінің командирі Бени Маршак кітапта көтерілген проблемалар өздеріне де тән екенін пайымдал, қарауындағы жауынгерлерге түгел таратып береді. Көп ұзамай «Панфиловшылар» Палмах офицерлерінің үстел кітабына айналады. Ал Израиль мемлекеті мен оның қорғаныс армиясы құрылғаннан кейін Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы туралы сыр шертетін хикаят курсанттар міндетті түрде оқытын санаулы оқулықтардың қатарынан орын алады.

Өткізген нацизм құрбандары мен қарсылық қозғалысы қаһармандарын еске түсіруге арналған кездесуде ерекше есте қалатын бір оқиға орын алды. Онда қатысушылар алдында сөз сөйлеген Израиль тарихшысы Арон Шнеер жас ұрпакты патриоттық рухта тәрбиелеудегі әдебиеттің рөліне тоқтала келіп, «Волоколам тас жолының» жас Израиль мемлекетін құруда үшан-теңіз көмегі болғанын айтып өтті. «Бұл кітап сол кезде Израиль армиясының әрбір офицеріне қарумен бірге тапсырылып отырды, – деді ол. – Бұл біз үшін жай оқу құралы болып қана қойған жок, сонымен қатар, іс-әрекетте басшылыққа алатын нұсқаулық ретінде де кеңінен қолданыска енгізілді». Оның айтуынша, Израиль армиясы бас штабының бастығы болатын генерал Мота Гур өзінің естелігінде рота командирі болып тұрған кезінде өз жауынгерлерімен арада болған оқиғаны баяндаған болады. Ол солдаттарына кітаптағы комбат Бауыржан



Момышұлының қорқақтық көрсеткен жауынгерге қарата айтқан сөзімен тіл қатады. Хикаяттың осы эпизодын тауып алғып, оқып шыққан рота командирі сөзінің соңын: «Сен тек өз позициямды ғана тастап кеттім деп тұрсың ба? Жоқ, сен Мәскеуді жауға беріп кеттің» деп бітіреді. «Мен содан кейін әскери тағым еттім де, бұрылып, кетіп қалдым, – деп еске алады генерал. – Бірақ солдаттарымның мен айтқан сөздің мағынасын толық түсінгендеріне титтей де шұбәланған жоқпын». Ал «Волоколам тас жолы» әлі күнге дейін Израиль қорғаныс армиясы офицерлерінің міндетті түрде оқып шығуға тиісті кітабы болып саналады екен.

Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының соғыс өнері тактикасынан тәлім алатын ел жалғыз Израиль ғана емес. 1963 жылы Мәскеуге Кубаның басшысы Фидель Кастро мемлекеттік сапармен келді. Сонда оған: «Сіз үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманы кім?» деген сұрақ қойылғанда, жұлып алғандай етіп бірден: «Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабының кейіпкері, қазақ Бауыржан Момышұлы» деп жауап береді. Сол жылы Баукең қорғаныс министрі Рауль Кастроның арнайы шақырыуымен Кубаға барып, офицерлер алдында әскери дайындық жөнінде дәріс оқыды. Сол жолы Баукең Фидель Кастроның қызметтөн қолы қалт еткенде «Волоколам тас жолы» кітабын оқып отырған «Гранма» газетіндегі суретін елге алғып келді [4].

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДИБЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Журнал «Жұлдыз» №11 от 1980 ж.
2. <https://eadaily.com/ru/news/2022/06/17/> almata-qalam. @ kz. Галамтор 06.12.22 ж.
3. Ақырат пен аңыз. Әзілхан Нұршайықов, Алматы. Атамұра-2004
4. Казахстанская правда №56 (1285) газеті 1995 ж.

#### **Б.Д. ОРАЗБЕКОВ**

*Сагадат Нұрмагамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының курсантты*

#### **ғылыми жетекші – подполковник А.Б. ИЛЬЯСОВ**

*Сагадат Нұрмагамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты тәктика кафедрасының оқытушысы*

#### **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ**

Осы баяндауда Кеңес Одағының Батыры, жазуышы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тәктик Бауыржан Момышұлының өмірбаянымен соғыста қолданған әскері тәктикалық іс- шаралары түралы тәжірибелері баяндалады.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, әскери педагогика мен әскери психология, Мәскеу үшін шайқас, Согыстан кейінгі жылдары.

**Бауыржан Момышұлы** (24 желтоқсан 1910 жыл - 10 маусым 1982 жыл) – Кеңес Одағының Батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик.

Батыс майданындағы 16 армияның 316-атқыштар дивизиясындағы (1941 жылдың қарашасынан бастап 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы) 1073 атқыштар полкінің (1941 жылдың қарашасынан 19 Гвардия полкі) және батальон командирі. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизияның құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша қүндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мэрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тас жолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады.

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабак береді.

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

### **Балалық шағы**

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Дулат тайпасының Шымыр руынан.

Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-тұыс "сары кемпір" деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

### **Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары**

1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы қызметін атқарады. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен бастап қатысты. 316 атқыштар дивизиясының жасақталуына белсene атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады.

1941 жылдың 26 қарашасында маршал Рокоссовский полк командирі етіп тағайындейді.

1941-1945 жылдары Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі, соғыстың соңғы жылдары аталаған дивизияның командирі болады.

1942 жылдың 6 маусымында "Қызыл Жұлдыз" орденімен марапатталады.

1944 жылы денсаулығына байланысты Алматы госпиталіне жіберіледі.

1945 жылдың 16 қантарында Алматыға келген Бауыржанды ғалымдар соғыс туралы әңгіме-лекция өткізуге шақыртып, кездесу үйимдастырады. Осы лекцияның стенограммасы кейінрек "Соғыс психологиясы" деген атпен кітап болып басылды. Алғашында тек орыс тілінде жарық көрген бұл еңбек, 2010 жылы Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына орай қазақ тілінде де жарық көрді.<sup>[5]</sup>

Соғыс кезінде жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Бірнеше рет жау қоршаудан жауынгерлерін аман-есен алып шығады. Мәскеу түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне азыз болып жайылады. Осының негізінде орыстың

белгілі жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (қазақшасы «Арпалыс») повесін жазды. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылады.

Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнағы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды.

### **Мәскеу үшін шайқас**

Мәскеу түбіндегі шайқас Бауыржан Момышұлының өміріндегі ерекше кезең болды. Жас сардар, 1073 атқыштар полкінің батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы сарбаздармен қақаған қыста Мәскеу түбінің омбы қарына малтыға жүріп, бес рет қоршауды жарып шығып, жалпы саны 27 рет қол бастап ұрысқа кіріп, соғыс тарихында болмаған тактикалық маневрлер жасап, әскери өнерге жаңалық енгізген. Командир Момышұлы жетік стратег, асқан тактик, психолог еді.

1941 жылдың 16-18 қараша күндері аралығында Вермахтың Мәскеуге екінші дүркін шабуылы кезінде Б.Момышұлы басқарған батальон өз дивизиясынан қашықта Матронино селосының маңында Волоколам тас жолыда аса ерлікпен соғысты. Комбаттың дарынды басшылығының арқасында неміс әскери бұл маңда 3 күнге іркіліп қалды. Бұл ерлігінен соң жас комбат өз сарбаздарын қоршаудан соғысқа қабілетті жағдайда алып шықты.

Алайда аласапыран шақта қысылтаяң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің батальон, роталарымен байланысы үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қыынға соғады. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі – Бауыржан басқарған бірінші батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасайды. Батальонның алдында жүретін он бес адамнан құрылған (алдыңғы жақты барлайтын) барлауши қойып, взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізе жылжуды ұйғарады. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Сләмкұлов басқарады.

Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырады. Күндіз қалың тогайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырған жауынгерлер табандылық пен төзімділік көрсетіп, қалың қарағайлы тогай ішінің қалың қарын омбылай жүре отырып, екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревняларының аралығынан шығады. Барлаушылардың айтуынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспағандықтан тың тұрады.

Әдіской, тәжірибелі комдив И.В. Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұр екен. «Б.Момышұлы басқарған батальон түгелдей жау қолынан қаза тауып, жойылып кетті» деген лақапты естіген олар түгелдей аман оралған жауынгерлерді зор қуанышпен қарсы алды. Бауыржан бастаған батальон жауынгерлерін көргенде И.В.Панфилов қуанғаннан көзіне жас алады. Иван Васильевич көптен көрмеген бауырын кездестіргендей Бауыржанды қаусыра құшақтай алып, бетінен сүйіп: «Жарайсың, сұңқарым!» деп арқасынан қағады.

19 гвардиялық атқыштар полкінің командирі ретінде 1941 жылдың 26-30 қараша күндері гвардия капитан Момышұлы Мәскеу облысының Соколово деревнясының маңында неміс әскерінің шабуылын 4 тәулік бойы қайтарып, сәтті ұрыс жүргізді. 1941 жылдың 5 желтоқсанында омыртқаға оқ тиіп, жарақат алды. Әзілхан Нұршайықовтың "Ақиқат пен Аңыз" кітабында Бауыржан өзін санбатқа жеткізгенде дәрігерлер дереу госпитальға апару керек деп шешкендігін, бірақ ол тапаншамен дәрігерді қорқытып, оқты сол жерде шығаруды бұйырғанын айтады. Оқты алып, жараны таңғаннан кейін капитан Бауыржан Момышұлы ұрыс алаңына қайта оралады.

Кеңес әскерлерінің 1942 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы ұрыстарында 8-гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері ерекше көзге түсті. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 шақырым алға басып, фашистердің мындаған солдаты мен офицерлерін саптан шығарады, жаудың көптеген техникасын жойып жіберді.

1944 жылы Комдив болып жүрген кезінде Дубровка деревнясының маңында болған ұрыс кезінде тағы қатты жарапанады. Өз айтуынша құйымшақпен жерден шығып тұрған темірге құлаған екен. Біраз уақыт атқа отыра алмай және шалқасынан жата алмай жүрді, бірақ госпитальге бармады.

Сол уақыттан 1944 жылдың наурызына дейін госпитальде жатады. Сол жылы Бас Штабытың Әскери Академиясының жанындағы офицерлердің біліктілігін арттыру курстарын бітіріп шығады.

1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковник Бауыржан Момышұлы Екінші Прибалтика майданының, 6 гвардиялық армиясының, 2 гвардия атқыштар полкінің 9 гвардия атқыштар дивизиясын басқарды. 1945 жылдың ақпан-наурыз айларында Бауыржан Момышұлы басқарған дивизия Приекуле станциясының солтүстік-батыс жағында орналасқан неміс әскерінің үш бекінісін бұзып өтеді. Дивизия шабуылының нәтижесінде 15 елді мекен босатылды, ал жау әскеріне үлкен зиян тиген болатын.

Бауыржан Момышұлының қатардағы жауынгерлер жайлары айтқан нақылға бергісіз сөздері халқымыздың есінде. Даңқты қолбасшы солдаттың мінез-құлқын, парасатын, елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін ерекше бағалай білген. Соның арқасында оларды ерлік женістерге бастап, жігерлендіріп отырған.

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адудынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жок, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді.

Таким образом, основными тенденциями развития глобальных образовательных систем являются: ориентация на результат, стандартизация базовых компетенций, мобильность и ориентация на потребителя. Учитывая это, интеграция образовательных пространств ВСУЗов ОНБ должна проводится с учетом:

- применения компетентностного подхода и методологии концепции ориентации на результат;
- создания ведомственной стратегии подготовки и переподготовки кадров;
- стандартизации системы планирования образовательных результатов;
- модульного построения содержания образовательных программ;
- единых требований к подготовке ППС;
- выработки критериев и разработки системы оценки образовательных результатов;
- информатизации и цифровизации как педагогических систем, так и систем управления;
- академической свободы субъектов образовательных систем;

– выработки единых подходов к проведению научных исследований и распространения их результатов.

Невыполнение данных условий крайне затруднит образовательные реформы и затормозит процесс повышения эффективности подготовки кадров в вузах ОНБ.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:**

1. Основные тенденции развития высшего образования: глобальные и болонские измерения / Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2010. – 352 с.
2. Федоров А.Э., Метелев С.Е., Соловьев А.А., Шлякова Е.В. Компетентностный подход в образовательном процессе. Монография / – Омск: Изд-во ООО «Омскбланкиздат», 2012. – 210 с.
3. Юнацкевич П.И., Горюнков С.В. Непрерывное образование взрослых и Болонский процесс / Серия книг: теория и методика профессионального обучения и воспитания взрослых. – СПб.: ИОВ РАО, 2008. – 49 с.
4. Processus de Bologne 2020 – L'espace européen de l'enseignement supérieur dans la nouvelle décennie. Communiqué de la conférence des ministres européens chargés de l'enseignement supérieur, Louvain et Louvain-la-Neuve, 28 et 29 avril 2009. // L'espace européen de l'enseignement supérieur en 2012: rapport sur la mise en oeuvre du processus de Bologne / Agence exécutive «Éducation, audiovisuel et culture». Bruxelles, 2013 – 224 p.
5. Болонский процесс: Результаты обучения и компетентностный подход (книга-приложение 1) / Под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. – 536 с.
6. Институт Болонского процесса / Официальный сайт центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК. Режим доступа <http://www.naric-kazakhstan.kz/ru/parametry-bolonskogo-protsessa> (дата обращения 10.11.2020).
7. Гамарник Г.Н. и др. Национальный аналитический отчет о высшем образовании Республики Казахстан. – Астана, 2006.
8. Реформирование высшего образования в Казахстане и Болонский процесс: информационные материалы для практических действий. – Алматы, 2009 – 120 с.
9. Высшее образование Казахстана в контексте Болонского процесса – научно-методический сборник. – Алматы, 2014. – 113 с.
10. Сагинтаева А.К. Вызовы Болонского процесса: за и против/ Вестник Казахского национального педагогического университета им. Абая, серия «Социологические и политические науки» № 2(34), 2011. – С.21-32.
11. Мухаметкалиев Т.М. Болонский процесс в Казахстане: объективный взгляд // Современное образование №1 (81), 2011. – С.20-24.
12. G. Valverde. Educational Quality: Global Politics, Comparative Inquiry, and Opportunities to Learn // Comparative Education Review. Vol. 58. No 4 (November 2014) – pp. 575-589.

**подполковник И.Ж. СОЗАКБАЕВ**

*преподаватель кафедры артиллерии Военного института Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова*

#### **ПСИХОЛОГИЯ СОЛДАТА, ПСИХОЛОГИЯ ОФИЦЕРА, КАК ОСНОВНЫЕ ГЕРОИ ПРИ ДОСТИЖЕНИИ ПОБЕДЫ В БОЮ**

*Солдат и офицер- люди войны, образ вашего времени. Но прежде всего это мыслящие люди. Вообравшие в себя опыт войны. Их характер, на первый взгляд, как*

*будто узнается сразу, но дойдя до кажущейся вершины, вы замечаете следующий, удаленный от вас горизонт, когда доходите до него. Перед вами встает новый горизонт, и вы должны идти и идти вперед.*

*Ключевые слова: солдат, офицер, Деревня Середа, личный пример.*

В чем состоит психология солдата? Прежде всего это овладение солдатским мастерством и внутренняя борьба с внутренними чувствами.

Мы знаем что войны выигрывает народ, государство. Но кто его представляет на переднем крае, в окопах, позициях? Да это солдат, который представляет собой Вооруженные силы. Давайте теперь разберемся, кто он, солдат, это один из самых сложных вопросов. На сегодня справедливо будет сказать, что все произведения на военную тему не раскрывают образа солдата, дают образ какого-то картонного человека. Но вместе с тем он, Боец- живой человек. Он грустит о жизни, о любви, он жаждет ласки и нежности любимой, чудного лепета маленького, забавного карапузика сына или кудрявенькой малюсенькой дочки, он муж, он отец. Оружие, как и обмундирование в ходе боев изнашивается, а наши техники, мастера нам своевременно ремонтируют оружие, портные и сапожники чинят и штопают, накладывают заплатки на нашей изношившейся экипировке, проводят мелкий и текущий ремонт, тем самым предохраняя бойца от сырости, непогоды и ветра, продлив своевременным ремонтом срок носки, т.е. заставляют кожу и хлопчятоумажный материал честно и до предельной возможности служить народному нашему общему делу с большой пользой. Дух наших бойцов и командиров в борьбе крепок, как гранит. Ненависть к заклятому врагу горит в сердце каждого из нас. Но душа солдата тоже имеет свойство изнашиваться- солдат не камень, не сталь, не стекло, а человек, обыкновенный человек со всеми человеческими достоинствами, чувствами и слабостями, присущими каждому. Он не только постоянно проявляет отвагу, мужество и героизм. Но в минуты душевной невзгоды проявляет слабодушие и слабоволие. многим удается самим перебароть эту напавшую на него слабость и взять себя в руки. Другим- товарищи помогают. Третьих командир и политработники ободряют. Одним словом, тоже понемножку ремонтируются, оттачиваются как лезвие боевого клинка и боевого штыка для завтрашнего боя, дается нужный закал некоторым ослабевшим в огне боев. Он трепещет от радости боевого подвига, радости любви, радости отцовского чувства, восхищается красотой природы, нежно любит вдыхать приятный аромат цветов. Приятно ощущает тепло яркого, солнечного, сияющего дня. Он с любовью смотрит в голубое, безоблачное звездное небо ночью. Это жизнь, он – живой человек. Он плачет, и плачет горько, опуская в могилу тело убитого боевого товарища. Он злится, нервничает, грустит, печалится, обижается на невнимательность близких людей, друзей и хороших товарищей.

Порой он устает физически и духовно: в голову лезут разные мысли, которые мешают, кусают, пристают, сверлят, точат, пилят и назойливо трут до крови, тяжело давят на тело и душу. К чему я это говорю. Солдат это такой же человек как и все, но..... он обременен, некоторыми ограничениями, которые даны ему службой в вооруженных силах.

Жажда жизни, страстное желание выжить, победив смерть, - есть главная движущая сила в бою, делающая человека способным презреть смерть, заставляющая идти навстречу ей, с глазу на глаз, с неудержимым гневом умерщвлять смерть именем жизни. Жизнь – знамя солдата. Любая потеря возвратима, но потеря человека невозратима. Главная сила Армии и ее основная ценность-солдаты. Поэтому главное внимание должно быть уделено обучению искусству солдатского ремесла, бережному отношению к солдату в бою. Пренебрежение к солдату, к человеку не приводят к хорошему. **Солдат погиб- вся**

**ценность потеряна, сохранить солдата- вот что самое важное.** Для того, чтобы не потерять эту ценность- солдата нужно обучать и духовно и физически, воспитывать в нем хорошего воина, обучать солдатскому ремеслу, чтобы он сам не погибал, а врага уничтожал. Вот почему утверждаю что солдат идет в бой не умирать, а жить, что надежда на жизнь согревает сердце солдата. Он и умирает для того чтобы жить.

Скромнее солдата существа нет. Будьте чутки, внимательны и справедливы к нему. Параграф 14 полевого устава требует от бойца огромного напряжение всех сил, поэтому командир обязан проявлять в любых условиях заботу о нем. В уставе записано: «Знание своих подчиненных, постоянное личное общение с ними, внимание к их боевой жизни, подвигам и нуждам обеспечит командиру спайку части и успех в бою».

На поле боя вожак – человек действия, а не рассуждения. Он действием подчиняет волю.

Армия – государственная вооруженная сила, организованная, дисциплинированная для защиты государства от внешних и внутренних врагов, где духовные и физические силы человека подчинены строгой дисциплине.

Солдату помимо простой пищи, нужна и духовная, а лучше чтобы она была из родных мест.

Каким должен быть командир, офицер? Офицеры в основном делятся на три категории. Я имею ввиду строевых, а не штатских в военной форме, которые тоже носят погоны. Итак: офицеры ближнего боя; офицеры тактического соображения и назначения; офицеры (генералы) оперативного мышления и назначения.

Не зря книга «Психология войны» является настольной книгой для каждого офицера вооруженных сил Израиля.

Командир – мозг войск, организатор боя, творец побед. Когда я пишу или говорю о командире, я хочу доказать, что командир – творческая личность.

Офицер должен быть не столько солдатом кулачного боя, сколько солдатом ума, как гласит казахская поговорка «штыком убьешь одного, а умом тысячу».

Основная обязанность командира до боя – прививать мужество своим подчиненным. Основная обязанность командира в бою – не умирать, а выполнять поставленную боевую задачу, экономно расходуя для этого все подвластное ему, сообразно обстановке, с учетом реальных сил и возможностей; с наибольшим напряжением энергии, как говорил Бауыржан Момышулы: «...управлять боем, управлять психикой.»

Как пример приведу вам отрывок из данного произведения:

«Мой батальон был вытянут в ниточку, и на душе было тревожно. Беспокоила не столько учет вверенной норма против устава, сколько сердца и души солдат, которым присущ страх и которые заражены этим искаженным понятием о немце, принесенным над окружеными. Требовалось где ни будь побить немца, и побить обязательно!»

Деревня Середа находилась от нашей передовой линии в 25-30 километрах. Где немцы? Не знаю. Послал я в разведку на 10 километров- немца нет впереди, послал на 15 километров- немца нет, послал на 20- нет, на 25- нет, на 30 километров- сообщили, что немцы в деревне Середа.

Большак. Который подходил к Середе с запада. Шел с севера на станцию Шаховскую и на юг- на совхоз «Болычево». Шаховская и совхоз «Болычево» являлись узловыми пунктами, к которым стремились немцы. На восток. На село Новлянское через Житохи, на наши рубежи, шли дороги через Максимово. Немцы, двигались с запада на восток, решили, по всей вероятности, оставить под Шаховской до Болычево группировку, совершив обходной маневр с севера и с юга, а не бить во фронт и поэтому двигались на восток. На Максимово-Новлянское движение прекратилось. Середа как бы являлась распределительным пунктом

сосредоточением противника для действия на севере и на юге, и поэтому силы от сюда расходились на Шаховскую и Болычева.

Возвратились разведчики, сказали, что немцы в Середе, от нас в 25 км. Что делать? Принимается решение побить немца в Середе. Ставятся такие задачи: совершить ночной, неожиданный налет на Середу, перебить, сколько можно, немцев и взять хоть одного «языка», заминировать дороги, идущие на Максимово, взорвать мост по дороге на Шаховскую. Захватить документы, пленных.

Но кому это поручить это сделать? Над этим вопросом пришлось думать не только потому, что на я, ни кто другой в бою не были. В бою бывал Жалмухамед Бозжанов- участник финской кампании. Послать командира роты? Фронт -8 км, нельзя. К тому этот вопрос должен быть решен наверняка. Поручаю это дело моему старшему адъютанту, лейтенанту Хабибулле Рахимову, бывшему агроному по образованию, альпинисту. Он назначается начальником разведывательного отряда, политруком- Жалмухамед Бозжанов.

Основная цель- укрепить у бойцов веру в свои силы. Следовательно в отряде должны быть представители всех отделений. Я взял из каждого отделения по 1, 2 человека. Это, с одной стороны, невыгодно, но, с другой стороны, раз бойцы повоюют и вернутся, они расскажут обо всем товарищам. Ведь не могу же я собрать митинг. А тут сидит рядом боец, курить и рассказывает: «Немец заорал, я бросил гранату». Вот что нужно было. Поэтому пришлось сформировать сборную команду, даже из представителей мельчайших огневых единиц.

Был составлен план: разбить отряд 100 человек на три группы, нападать одновременно с трех сторон по 30 человек. Собрал бойцов и командиров, растолковал задачу, пожелал удачи, и 16 октября они выступили. 16же октября подошли к Максимово, сосредоточились там, провели разведку, снова уточняли. В эту ночь здесь было до полка пехоты и мотопехоты немцев. Сообщили мне об этом по радио, я приказал отставить операцию, потому что одному идти против многих не разумно. На завтра мне докладывают, что в деревне около 300 человек.

18 октября 1941 года ровно в 2 часа ночи совершается налет: расстреливали выбегавших немцев, некоторые из них повыскакивали в одном белье. Взяли штабные документы, одного немца живым, взорвали 5 машин. Бой длился всего час. Наши потери: 6 раненых, один убитый- сержант Мосеяш.

На утро отряд вернулся. Когда бойцы шли туда, они думали, что идут на верную смерть. А когда вернулись, я не узнал их- веселые. Бодрые, и чувствуют себя уже бывальими солдатами. Таким образом, была выполнена 2 задача: доказано, что пуля наша немца берет. Говорю участникам: товарищи рассказывайте, только не лгите, ведь если не предупредить, обязательно будут преувеличивать.

Серединский налет- это лихой ночной налет на противника, о значение его для последующих боев, для укрепления рубежа в душе наших солдат было громаднейшее. Больше любых последующих боев. Поэтому, когда я говорю о своей части, я не когда не забываю Серединский налет. Несмотря на то, что он не оказал никого влияния на ход дальнейших событий на этом участке. Ему мы многим обязаны. Самое главное- он повлиял на душу и психологию солдат.»

Командир не может быть однозначным, несолидным человеком, он должен глубоко понимать, что такое служебное самолюбие и себялюбие, он должен различать служебный эгоизм от личного обычательского эгоизма. На его вооружении должно состоять простое боевое слово, задевающее за живое солдат своей правдивостью, задушевной простотой.

Командир должен чувствовать возложенную на него ответственность, не защищать частные интересы вне интересов общих. Командир не должен быть ни безрассудно решительным, ни рассудительным без решительности. Однобокость – порок офицера. Командир должен сочетать в себе эти качества. На свои личные

достоинства он должен смотреть через призму критики, а не через увеличительное стекло. Он должен быть наездником с глубокой, непринужденной посадкой в седле, а не торчать чучелом и страдать от неуклюжей посадки.

Офицер должен знать нужды, душу солдата. Когда я говорю о нужде, то имею в виду не питание, не материальную сторону, а душу человека, умелый подход к человеку. Следовательно командир должен работать умом – дисциплинированно, настойчиво, последовательно и целеустремленно. Трагические моменты войны требуют от командира суворости и беспощадности ко всякому неповиновению и беспорядку. Война не терпит неповиновения. Суворость должна доходить до смертной казни виновника, без колебаний, если этого он заслужил. Это самое гуманное и самое человечное, а не сумасшествие, не гладить же по голове человека, который натворил невозможные вещи, допустил трусость или измену. Потакание – слабость.

Строгость и требовательность командира должны быть осмысленными, а всякие словесные нотации, окрик не являются строгостью, а самодурством.

Каждый солдат нуждается в теплом слове за свои старания. Следовательно командир должен придерживаться правила: не хвалит без меры и не терзать без вины.

Командир должен уметь воздействовать на совесть солдата, побуждать его к благородным порывам, учить и уметь учиться у подчиненного.

Личный пример – это инициатива. Я здесь немного отклонюсь, Лежит рота, людей надо поднять в атаку. Противник неизбежно встретить огнем, огневым щитом. Командир подает команду: «В атаку, вперед!» Я пока не встречал такого, чтобы люди сразу поднялись по команде и пошли в атаку. И это вполне закономерно: кому хочется умирать? Поднять людей в атаку – это самое трудное. Стоит подняться только одному смельчаку, и поднимется вся рота. Конечно, когда идут в атаку – вся рота смелая, но кто смелее? Тот, кто поднялся первым. Исходя из этого, следует формулировка: инициатива – вожак смелости. У солдат бывает стадное чувство, которые многие презирают. А я считаю, что в таком случае это благородная черта боевого содружества коллектива. Тот кто первый поднимается в атаку, несмотря на смертельную опасность, тому обязаны успехом, которого добилась рота. Может быть, он сам в этой атаке никого не убьет но он поднялся первый и его надо за это наградить потому, что дело не в том, сколько врагов он заколол в этой атаке, а в том, что он показал пример, поднимаясь первым, тем самым увлекая за собой остальных. Конечно, стыдно отставать от него, и остальные поднимутся и пойдут в атаку. И даже тот, кто совершил героический поступок уже в атаке, тот также обязан первому поднявшемуся. Если личный пример не является заразительным, то это не личный пример, он никому не нужен потому, что свою цель не оправдывает.

Во взаимоотношениях командира с подчиненными ему людьми не должно быть элементов демократизма, то есть между повелевающим и повинующимся может существовать только так называемый ложный демократизм, он совсем не нужен именно в армии.

Команда или приказ есть выражение воли командира, формула его решений. Нужно понять, насколько служебная необходимость требует отдачи именно такого, а не другого приказа. Нужно знать, все ли есть для проведения в жизнь этого приказа. Приказ должен быть хорошо продуманным.

Итак, перечислю требования к приказу:

Возможно ли выполнить данный приказ и в данных условиях? Вот основное, что должен продумать командир, прежде чем отдать приказ, принять решение.

Обеспечено ли необходимыми силами и средствами выполнение приказа.

Расчет времени – сколько времени требуется для выполнения приказа. Расчет должен быть реальный, а не просто так – сделай это за пять минут.

Кому поручается выполнение этой задачи? Не каждому можно поручить выполнение приказа. Только после того, как убедишься, что выполнение приказа решить судьбу людей, и что человек выполнить приказ, можно ему его поручить. Не каждый подчиненный способен на выполнение любого приказа.

Достаточно ли точно понятно приказание исполнителем. Бойся доверяется ответу, заученной канцелярской форме «так точно».

Должны быть также обдуманы методы и способы выполнения приказа.

Контроль. Надо обязательно проверять, как выполняется приказ, искажается ли он или соответствует задуманному. Ведь в бою не всегда делается так, как ты думаешь. Поэтому, отдавая приказ, нужно видеть его выполнение, корректировать его, тогда это будет называться приказом, а если пункты не соблюdenы и не обдуманы – формальность.

Командир должен быть популярным в своем подразделении, в своей части. Солдат должен его любить, бояться, уважать и беречь. Строгость командира, основанная на справедливости, - основа его популярности. Наказывать солдата нужно только за дело и не оскорбляя его человеческого достоинства, такое наказание не приводит к злу и не умаляет популярности командира, солдат терпит, потому что это справедливо. Несправедливость вызывает озлобление, масса его не терпит. Справедливый командир может назад не оглядываться. Бояться своих – это величайшее несчастье, а чтобы не бояться своих, надо быть справедливым.

Командир должен иметь нравственное влияние на солдата, говорить с ним на его языке простыми и доходчивыми словами, владеть ключом к сердцу солдата. Командир должен быть примером для подчиненного всегда, везде и во всем, только тогда он сможет справедливо гордиться своим мундирем.

Командир должен быть психологом, способным заглянуть в душу солдата; общение с солдатами, понимание их внутреннего состояния постигается не столько умом, сколько искренним чувством и состраданием к их солдатской доле. Высокомерное отношение нетерпимо как оскорблениe для них.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Психология войны.- Бауыржан Момышулы;
2. Волоколамское шоссе.- Александр бек.

#### **подполковник Д.С. СУПРУНЕНКО**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясы  
1 факультетінің 7-арнайы кафедрасының ага оқытушысы,  
педагогика ғылымының магистрі*

#### **подполковник Д.Ж. МАМБЕТОВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясы  
1 факультетінің 7-арнайы кафедрасының ага оқытушысы,  
ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі*

#### **БОЛАШАҚ ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ОТАНГА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛГІН ОЯТУ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ**

*Бұл мақалада қазақ халқының біртуар батыр ұлы Бауыржан атамыздың Кеңес үкіметі мен қазақ халқы үшін жасаған ерліктері мен еңбектері өте зор екені. Ол тек қана әскери адам ретінде ғана емес, сонымен бірге жазушы ретінде де танылғаны. Оның еңбектерін оқыған және бойына сіңіре білген оқытушылар мен курсанттар Отанға деген сүйіспеншілікті бойларына сіңіріп, алдағы қызметінде өз*

ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, қынышылықтарды жеңе білетін күрескерлік рухта тәрбиеленетіні туралы сөз болады.

Кітт сөздер: гылыми-техника, патриотизм, патриоттық тәрбие, ұлттық, тұлға, ғалым-сыныш, шынышылдық, нақтылық, сезімтал, салт-дәстүр, қайсар, саналы.

«Ешкімде іштей батыр болып тумайды.  
Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген  
тәрбиеге байланысты қалыптасады».

(Б. Момышұлы)

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, жауынгерлердің бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың ұлы, ержүрек қолбасшысы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы атамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып, кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның амансаулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезу, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшету екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекеттік деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

Әскери қызметшілерді патриотизмге тәрбиелеу – тұлғаның патриоттық сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының жоғарғы әскери оқу орындарындағы тыңдаушылар мен курсанттарды тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, әрі ұстаздың ең басты мақсаты – деңі сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениеті, прасаты, арқыданы мол, еңбекқор, іскер бойындағы игі қасиеттері бар, офицерді тәрбиелеу.

Еліміздегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік саяси өзгерістер барысында, қоғамдық өміріміздің барлық салаларына патриоттық тәрбие берудің қажеттілігі айқын сезіле түсude және үл қажеттіліктің онан әрі өсе түсетіндігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Тәрбиенің кең салаларының бірі - патриоттық тәрбие екенін еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзекті мәселелердің қатарына қоюы тегін емес және Қазақстанның патриотизмнің теориялық негізін терендете түсті [1].

Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, Кеңес одағының жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармалармен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі. Үл тақырыпқа А. Бек, А. Кривицкийден бастап, М. Әуезов, М. Фабдуллин, Ш. Мұртаза, Е. Ысмайылов, Ә. Нұршайықов, Ш. Елеуkenov, М. Мырзахметұлы, Б. Момышұлы (ұлы), З. Ахметова, М. Қалдыбаев т.б. ғалым-жазушылар қалам тербеп, батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбек сінірді.

Бауыржантанудың негізін салушы профессор Мекемтас Мырзахметұлының еңбегі осы салада жүргізіліп жатқан зерттеулерімен ерекшеленеді.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған Бауыржан Момышұлы шығармашылығы ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударды. Осыған орай, бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды. Мәселен, «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Жонарқа», «Төлеген Тоқтаров», «Бір түннің оқиғасы», «Генерал Панфилов», «Москва үшін шайқас», «Олар мениң есімде», «Ел басына күн туса» атты туындылары дүниеге келді.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы» – оның жазушылық шеберлігін халқымызға мойындаған алғашқы шығармасы.

Бауыржан Момышұлының тұлғалық болмысы халықтық педагогика негізінде дамытылып, патриоттық тәрбиені саналы менгеруден тұрады. Бауыржан Момышұлына алдымен тұлға ретінде қалыптасу үшін әсер еткен басты фактор – өзінің түлеп ұшқан ұясы. Сондыктан да, Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығы негізінде жастарды патриоттыққа тәрбиелеудегі мүмкіндіктер қарымды қаламгердің «Ұшқан ұя» еңбегінде кеңінен қамтылған. Өйткені, шығармадағы құллі дүние батырдың қабылдауы, сезім-түйсігі арқылы өтеді. Бұған қоса, повесте автордың балалық шағы қамтылады, демек, онда Бауыржан Момышұлының қалыптасу, шығармашылық процесі көрініс тапқан.

Белгілі ғалым-сыншы М. Қаратаев сөзімен келтірсек: «Бұл Бауыржанның балалық шағын баяндаған, өскен, тәrbие алған ортасын суреттеген өміrbаяндық шығармасы. «Ұшқан ұяда» Бауыржан Момышұлының өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тәn суреткерлік бетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік – жазушыға көп қажетті қасиеттер. Қалың халық ортасында, қарапайым семьяда туып өскен, жастай шешесінен айырылып, ақылды ана, қарт ана, үлкен шешесінің қолында тәrbиленген Бауыржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүргегіне жазыла берген тәrізді де, қар суындаі бойына сіңе берген тәrізді, енді келіп сол жан түпкіріне іркілген және есейген шағында, өмірдің ауыр кешуінен өткен шағында бұлақ суындаі қайнап, бұрқылдаپ сыртқа шыққан тәrізді. «Ұшқан ұяны» қызығып оқисын, сүйсініп оқисын. Бауыржанның жастық шағын өз басынан өткергендей сезімге бөлениесін» [2]. Біздіңше, бұл тұжырым –көрнекті туындылардың бірі «Ұшқан ұяға» берілген әділ баға.

Атальмыш шығармада Бауыржан Момышұлы өз ортасынан алған тәrbиесін өзіне ғана тәn көркемдік дәлдікпен суреттеген. Бұл шығарманы оңтүстік қазактары туралы нағыз этнографиялық шығарма десек артық айтпаймыз. Өзге жұрт, кейінгі ұрпақ қазақ халқының бай салт-дәстүрін «Абай жолынан» оқып-білгендігі анық. Алайда бұған қоса «Ұшқан ұяны» оқыған адамның қазақ туралы пайымы одан да нақтылана түсетіні ақиқат.

Жазушы «Ұшқан ұя» шығармасында балалық шағында, көрген күә болған, есте қалған оқиғалар арқылы жалпы сол тұстағы әлеуметтік кезеңді, қоғамдық өмірді суреттеу мәселелерін басты міндет етіп қояды. Қаламгер өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін еркін әңгімелейді.

Повесте қазақ ауылшының көрінісі байыпты да терең бейнеленеді. Шығармада кеңестік идеологияның ыңғайына бейімделген, идея үшін боямаланған, қазақ өміріне қисынсыз келетін, ойдан қарастырылған оқиғалар кездеспейді. Откен оқиғаларды әңгімелейтін шығарманың құндылығы да, өміршендейді де тарихи шындықтан, тарихи оқиғалардан алшақ кетпеуінде десек, Бауыржан Момышұлы да өзі өмір сүрген дәуірді шыншыл суреттеп, бастан өткенді ой елегінен өткізіп, өмір сыйлаған қуанышты, қындықтарды шыншылдықпен жаза алды.

«Ұшқан ұя» повесі қамтитын уақыт кезеңі – Кенес екіметі қалыптасуының алғашқы жылдары. Повесте сол замандағы қазактардың экономикалық өмірі, оның ерекшелігі және ағайыншылықпен бұркемеленген малдының малсызды қанау тәsілі айқын көрсетілген. «Ал тақыр кедейлер байлардан күш-көлік, киім-кешек, тамақ алыш дән сепсе, өз жерінің өніміне өзі қожа бола алмай түсімнің төрттен бірін ғана иемденіп жүрді.

Көшпелі тірліктің көлемі тарылып, ауқымы азая бастаған сайын егішілік үлғая берді. Малды ауыл қыс бойы Қаратаудың ар жағын жайлап, ерте көктемде елге оралар еді. Сөйтіп кедейлерге қос беретінді шығарды» [3]. Автор қазактардың

өміріндегі үлкен бетбұрыстың басталуын, атап айтқанда, егіншілікке, отырықшылыққа бірте-бірте көшуді суреттейді. Жазушы нақты материал арқылы қарапайым еңбек адамдарының қарым-қатынастарында тұған қазақ және орыс халықтарының достығын көрсетеді.

«Ұшқан ұядығы» жылы сезім, шуақты көңілдің нұрынан жарапан образ деп, Бауыржан Момышұлының әжесі Қызтумастың образын айтамыз. Бауыржанның әжесі айнала ортаның, аңы өмірдің, қатал тағдырдың азап, зардабының бәрін бастан кешсе де соған төтеп берген, бойына дарытпаған ақылды, қайсар, саналы да саялы әзиз ананың образы болып шыққан дей келіп, ғалым-сыншы әжесінің немересіне дарытқан асыл қасиеттеріне былай тұжырым жасайды: «Болашақ батырдың ең алғаш дүние тануына, харектерінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек бол өсуіне илгі әсер еткен осы әже. М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды Бауыржанның әжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорыған ұзақ тәжірибеде шындалған даналық ұғымдарын, ізгі салт, дәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, енбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адал семьяның қадірін, қажеттігін ұғынған жан және осы ұрпақтарды өз төңірегіне, әсіресе сүйікті немересінің жүргегіне бала кезінен бастап еккен ана» [4].

Бауыржан Момышұлы өз өміrbаянын өзі жазып келесі ұрпаққа жеткізген адам. Сондықтанда біз автордың өз шығармаларын сіздерге ұсына отырып қаһарман батыр атамыздың шығармашылық жолын және осы ұрпақтарды өз тәрбиесін ашып көрсеттік.

Бауыржан Момышұлының айтулы шығармаларында көненің көзіндей болып әдет-ғұрыптарымыз, салт-дәстүрлеріміз жазылып тұр. Әрине, Бауыржан Момышұлы атамыз өз жанынан әдет-ғұрыпты ойлап шығарған жоқ. Халық арасында қолданыста жүргендерін екшеп алған. Алғанда, жай ала салмаған. Оларды өз шығармаларында нақтылап, тайға таңба басқандай етіп қалдырған. Сондықтан да Бауыржан Момышұлы атамыз туралы жазылған өзгелердің де, өз туындыларында да оның адамдық болмысы қазақ халқының ұлттық болмысымен ұштасып жатады.

Қорыта келгенде, курсанттармен осы жоғарыда баяндалғандай, патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, курсанттың көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансұйғіш, елсұйғіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

Қорыта келгенде Бауыржан Момышұлының шығармаларының құндылығы бүгінгі таңда баға жетпес мұра болып табылады. Себебі, жастарды, жаңа ұрпақты сергек және өз ісіне сенетін, кедергілерден қорықпайтын, оның қандайын болса да, жеңе білетін күрескерлік рухта тәрбиелеу – бүгінгі құннің басты талабы деуге болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Н. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. -2007.- №55.- наурыз – 16.
2. М. Қаратаев. Шеберлік шынына. – Алматы: Қазактың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. - 339-340 б.
3. Б. Момышұлы. Ұшқан ұя. –Алматы: Жазушы, 1975. -44 б.
4. Ж. Дәдебаев Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. -51 б.

### **Б.Е. ТАНАТАР**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсантты*

*ғылыми жетекші – А.К. САРИЕВА*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының ага оқытушы*

### **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ**

*Қазақ халқының өр тұлғаларының жалгасы болған, Отан қорғаган қаһарман үлдарының бірі, Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан атамыздың өмір жолдары, ерлік күресі, халқына сіңірген еңбекі жайлар.*

*Кілт сөздер: Кеңес Одағының батыры, қазақ, Отан, дивизия, майдан, үрпақ.*

*Бауыржан Момышұлы қаруын қаламға айырбастап екі ерлік жасады деп алғаш рет П.П.Вершигора айтқан еді.*

Оның біріншісі, әрине, соғыстағы ерлігі. Алматыда жасақталған 316 атқыштар дивизиясы мен оның Бауыржан Момышұлы басқарған батальонының даңқы 1941 жылдың күзі мен қысындағы Мәскеу түбіндегі шайқастарда қатты шықты. Бауыржан сол абырайын соғыс аяқталғанға дейін түсірген жоқ. Батальон командирлігінен дивизия командирлігіне, аға лейтенанттықтан полковник дәрежесіне дейін көтеріліп, атақ-даңқын одан әрі асыра түсті. Ал соғыстан кейін кейбір майдангерлер секілді естеліктер немесе деректі роман-хикаяттар жазумен шектелмей толыққанды көркем шығармалар жазып тағы таңқалдырыды. Бауыржанды бағалаған П.П.Вершигораның да өмір жолында да қазақ батырына ұқсастықтар бар. Мәселен, ол да ұрысқа разведчиктердің жетекшісі ретінде кіріп, кейін партизан дивизиясының командирлігіне дейін көтерілген. Ал соғыстан соң жазған тамаша деректі шығармалары кәсіби жазушылардың назарына іліккен. Сондықтан да Бауыржан Момышұлының екі ерлігінің паркын білді. Бәлкім содан да қазақ батырының майдандағы ерлігі, ресми түрде лайықты бағаланбағанының орнын аз да болса толықтыру үшін де осылай деген шығар деген ой келеді кейде. Олай дейтініміз партизан құрамасының командирі П.П.Вершигора генерал-майор шені мен Кеңестер Одағының батыры атағы берілді. Екі рет Ленин орденімен марапатталды. Ал Бауыржан Момышұлына Жоғары әскери академияны бітіргеннен кейін де генерал атағы берілмеді. Тіпті Ленин ордені де бұйырмады. Ұсынылмай қалған жоқ, ұсынылды. Дивизия командирі И.Панфилов көзі тірісінде мұнданай құжатқа ен алғаш 1941 жылы 7 қарашада-ақ қол қойған. Ұрысқа жана кірген Б.Момышұлының батальоны Кеңес әскері шегініп келе жатқанда керісінше жау қолындағы Середа деревнясына шабуыл жасап, Осташево, Становище деревняларын жаудан азат етіп, Красная Гора деревнясында кескілескен ұрыс жүргізіліп, Ивановское селосын жауға бермей, табан тіреп жатып алған, тек белгіленген мерзімі біткенде ғана шебін тастап, қоршауды бұзып шыққан болатын.

Горюныда жаудың жолын бөгеп, тағы да қоршауда қалған батальонның ерлігінің маңызы да айрықша еді. Бұл ерлігін де ерекше бағалаған Панфилов Бауыржанды 15 қараша күні екінші рет Ленин Орденіне ұсынады. Ал 16-20 күндері Горюны деревнясының түбіндегі Волоколам тас жолы мен Матренино темір жол бекетіне жауды жолатпай жатып алған батальонның ұрыстары бұрынғыдан да сойқан болатын. Осы шайқаста батальон немістің 600 солдатының көзін жойып, 6 танкісін, 6 станокті пулеметін, 12 қол пулеметін, екі зенбірегін жойып, қалғанын «аса құпия» құжаттары бар жау штабының екі автомашинасымен қоса қолға түсірді.

Бұл қоршауды да Бауыржанның батальоны жеке құрамының денін сақтап тастайін күйінде бұзып шықты. Бірақ 19 қараша күні генерал Панфилов қайтыс болғандықтан да, сірә, қайғы үстіндегі штаб Бауыржанды марапатқа ұсынбаған болар. Ал көп ұзамай келген жаңа комдив Бауыржанды «Панфиловтың еркесі» деп тіпті қырына да алғаны байқалады.

Біздіңше, Бауыржан Момышұлы басқарған полктің 31 қарашадан 8 желтоқсанға дейін Крюковоны қорғаған ерлігінің мәні өте-мөте зор болды. Өйткені бұл село Мәскеуден отыз-ақ шақырым жерде орналасқан еді. Оны жауға беру Мәскеуге жол ашып берумен тең болатын. Сондықтан да полк командирі Бауыржан Момышұлының ұрыс картасының Крюководан арғы Мәскеу жақ бөлігін жыртып тастап, «картаның бұл бөлігі керек емес, өйткені одан әрі бір адым да шегінбейміз» деген сөзінің әсері сол кезде Дубосеково разъезінде В.Ключков айтқан «Артымызда Москва, бұдан әрі шегінетін жер жоқ» деген сөзінен кем түскен жоқ. Ключков та, оның қасындағы 28 жауынгердің көпшілігі де сол ұрыста қаза болғандықтан бұл сөзді «тірілтіп, жан бітірген» жазушы-журналист Александр Кривицкий болатын. Ал Бауыржанның айтқан сөзін тірілтіп, ерлігін куәландырудың қажеті болған жоқ. Өйткені ол карта сақталып қалған. Бұл айтылғандардың барлығы Бауыржанның ұрыстың алғашқы айларындағы ерлігі ғана. Алда сондай шайқастарға толы төрт жыл жатты. Әсіресе, немістер өз жеріміз деп есептеп, қамалға айналдырып жіберген Шығыс Пруссияны, демек Курландияны (Ресейдің қазіргі Калининград облысы) қорғаудағы Б.Момышұлы басқарған 9 гвардиялық дивизияның ерліктері оқырманға әлі жеткілікті жеткен жоқ.

Ал енді осындай даңқты командирдің қандай жауынгерлік марапаттары бар дегенге келсек, ол жағы даңқына сай емес екенін көреміз. Рас, ол кісіні Серебряков деген дивизия командирі екі рет Кенестер Одағының батыры атағына ұсынған. Бірақ аяқсыз қалған. Командирі ретінде Төлеген Тоқтаровқа, Мәлік Фабдуллинге Кенестер Одағының батыры атағын беруге өз қолымен ұсыныс жазған Бауыржанға бұл атақ бүйірмады. Төрт жыл соғысқанда ол бар болғаны бір орден, бір медаль ғана алған. 1942 жылдың 6 маусымында Қызыл Ту орденімен, ал 1944 жылдың 1 мамырында «Москваны қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. Оған 1945 жылдың 9 мамырында алған «Германияны жеңгені үшін» медалі мен сол жылдың 6 маусымында марапатталған «І дәрежелі Отан соғысы» орденін қосуға болады.

Енді екінші ерлігі жайында. Баукең жігіттік шағында-ақ ғашықтық жырлар, достарына, жерлестеріне арнау өлеңдер жазған. Оның алғы шептен жазған мақалалары мен өлеңдері, аудармалары майдан газеттерінде, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» және басқа басылымдарда жарық көріп тұрған. Соғыстан кейін көптеген майдангерлерге ұқсап естеліктер жазумен шектелмей, көркем прозаға қалам тартуы Баукеңнің шынында ерлігі еді. Демек, оның өлең құмарлығы көп қазақта болатын ет пен терінің арасындағы желік емес, болмысында бар қасиет.

Болмысында барлығынан да оның шығармалары майдан шайқастарын суреттегені үшін ғана емес, көркемдік денгейі жоғары болғандықтан да жақсы оқылды. Оның заманында атақтары жер жаратын небір авторлардың соғыс тақырыбындағы роман-хикаяттары дүниеге келді Кенестер Одағы бойынша. Бірақ солардың ішінен Бауыржан Момышұлын шығармалары мен ол туралы жазылған Александр Бектің «Волоколам тас жолы» романы бүкіл әлемді шарлап кетті. Жалпы Момышұлының прозалары қазақ, орыс тілдерінде 102 рет басылым көріпті. Сондай-ақ ағылшын, араб, бенгал, болгар, қытай, корей, латыш, литва, монгол, хинди, эстон, венгер, испан, неміс тілдеріне аударылыпты. Мұншама қайта басылған кітаптардың таралымы да осал болмағаны түсінікті.

Бұл енді кез келген жазушының қолы жете бермейтін жетістік. Сонда оның сыры неде? Меніңше, бар мәселе соғыс тақырыбын жазуында емес, қалай және алдына қандай мақсат қойып жазуында.

Міне, осы жерде Бауыржан Момышұлының бұрын айтылмаған үшінші ерлігі шығады. Ол – Алаш идеясын қайта көтеруі. 1937-38 жылдары арыстарымызды атып тастап, олардың еңбектерін оқымақ түгілі аттарын атауға тыйым салған коммунистік-кеңестік билік ұлттық идеяны мұлдем басып-жаншыдық деп ойлады. Енді Қазақстан билігіне тек Мәскеудің айтқанын талқылауға салмай орындастындарғана отырады. Сондай кезеңде соғыс басталды. Сол соғыста көрсеткен ерліктері арқылы шыққан даңқы мен жиған беделін Баукең үй сұрап, тұрмысын жақсартуға емес, қазактың жоғын жоқтап, мұңын мұндауға жұмсады. Оның алғы шептен республика басшыларына жазған хаттары Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов және басқалардың 1904 жылы Ресей Думасына жазған Қарқаралы петициясын еске түсіреді. Баукең өзінің агалары секілді дін, шекара мәселесін сөз ете алмағанымен ана тілінің өрісін кеңейту, ұлт тарихын оқыту, салт-дәстүрлерді сақтау туралы көтерген мәселелері Алаш арыстарының хаттарымен мазмұндас. Баукең Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында мамандықтарына қарамастан қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын оқыту уақыт талабы деп есептеді. Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы М.Әбдіхаловқа жолдаған хатын ауыр жарақатына байланысты демалысқа Алматыға келіп кеткен соң жағдайды көзімен көріп, құлағымен естіп жазғандықтан ана тілінің мүшкіл хәлін нақтылы мысалдармен дәлелдейді. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа жазған хатында халқымыздың әдеті мен әдебінде ұлken тәрбие жатқандығын көрсетеді. Асық, жасырынбақ, жаяу жарыс, ақындар айтысы, көкпар, бәйге, аударыспақ, сайыс сияқты ұлттық спорттық ойын түрлерінің әрқайсысына жеке тоқталып сипаттама береді. Сөйтеді де, бұл ойындардың жауынгердің ептілікке тез ойлағыштыққа, тапқырлыққа, төзімділікке, тәуекелге, батылдыққа, барлығын жиганда батырлыққа бастайтынын атап өтіп, оларды жандандыруды ұсынады. Ал Мұхтар Әуезовке жазған хаттарында соғыс туралы жазылып жатқан шығармаларға пікірін білдіріп отырады. «Жазылып жүргендерінің көбі сол жазбаға жұмсалған қаражаттың жарты бағасына тұрмайтұғынын көріп-сезгенінде, іш қазандай қайнап тісті қайрайсың», – дейді. «Мұқаның Ә.Әбішевпен бірігіп «Намыс гвардиясын» жазып шыққандығы өте куанышты, бірақ менің қаупім Әлжаппар дүмші молдасы құрғырдың осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен?» – деп қауіп білдіреді (18.10.1942ж.)

Шығарманы оқып шыққаннан кейінгі хаттарында «кінәнің молы Әлжаппарға болса да» оның жетегінде кеткен Мұқана да біраз ескертпелер айтады. Бауыржан Мұхтар Әуезовке жазған бір хатында (18.08.1942ж.): «Знамя» дейтін журналдан Александр Альфредович Бек дейтін жазушы қайтадан келіп, айтып бергің деп телміріп отырып алды. Зерікпестен бір жарым ай ілесіп жүрді. Жаман да болса, әйтеуір қағаз бетінде қалады ғой деген оймен мен оған бастан өткен соғыстардың барлығын Мәскеуге дейін толық өтіп, әрбір соғысты 2-3 сағаттан баяндадым... Бек – ұлken жазушы емес, жақсы стенограф, айтқандарынды айтқанша жазады, оның қасиеті сол», – деп өзінің де қарап жатпағанынан хабардар етеді. «Намыс гвардиясының» бас қаһарманы Намысұлы (Момышұлының пратотипі – Е.Ә.) полк командирі Капровтың көлеңкесінде қалып қойған деп ренжіген Баукең Александр Бекке: «Егер сен менің батальоным туралы жазатын болсаң ондағы кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертпейсің, әрі ол шығармаң «әскери көркем құрал» болуы керек», – деп шарт қояды. «Арпалыс» романындағы («Волокалом тас жолының» қазақша нұсқасы) Бауыржанның Намысұлы секілді орыс «ақылманның» (Панфиловтан өзге) көлеңкесінде қалып қоймауының, сондай-ақ Бозжанов, Рахимов,

Исламқұлов, Мұхамеджанов, Танков сынды кейіпкерлердің де жарқырап көрінуінің басты себебі бас кейіпкердің осы шарттарында жатса керек.

Б.Момышұлы мен А.Бек арасында 1942 жылы ауызша, ал 1944 жылы жазбаша шарт жасалған. Бұл шартта автор мен бас кейіпкер өзара міндеп боліскең. Екеуінің арасындағы хаттарға қарағанда автор өз міндетін орындаған. Тіпті артығымен орындаған ба деп ойлайсың. Өйткені КСРО жазушылар Одағында романның жазылу барысы екі рет (1943, 1944 ж.ж.) талқыланғанда да шығарманың позициясын автор емес, бас кейіпкер Бауыржан Момышұлы баяндап, корғаган. «Көптің ой-пікірлерін, түрін, құлтық-мінездерін байқап, басымыздан өткен тәжірибелерді қорыта ойладап, таразыға салып, олардан шыққан нәтижелі нәрселерді қорытып, көптің өзіне қысқа сөз арқылы жеткізіп отыруды өзімнің командирлік міндетімнің бір саласы деп таныдым», – деп жазады соғысты алты ай батальон командирі, екі жыл полк, бір жыл дивизия командирі болып өткізген Момышұлы 1946 жылы.

Қазір «Соғыс психологиясы» деген атпен белгілі бұл жазбалары да әуел бастан оқу құралы ретінде жазылды. Онымен романын жазу барысында Александр Бек танысты. Демалысқа келген кезінде қазақтың зиялды қауым өкілдері мен «Мосфильм» қайраткерлеріне лекция түрінде оқып берді. Тындаушылардың арасында кейіннен «Қазақ солдаты» романын жазған Фабит Мұсірепов те болды. «Соғыс психологиясы» жазушыларға ғана емес, әскерилер, жоғары оқу орындары үшін де қомекші құрал. Осы жерде біздің ойымызға Орынбор қаласында 1921 жылы 31 қаңтарда Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлының төрағалығымен өткен мәжіліс оралады. Онда көптеген Алаш зиялдыларына мектеп оқулықтарын жазу міндettеледі. Солардың ішінде мәселен ақын-жазушы М.Жұмабаев «Педагогика», Ж.Аймауытов «Психология», М.Әуезов «Жер жаратылсы» оқулықтарын жазып шықты.

Ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісін қолға алып, ел рухын көтеру қажеттілігі соғыс кезінде де туындағанын Б.Момышұлы тереңімен түсінген сыңайлы. Сондықтан да бұл кезде Александр Бекке «Әскери көркем құрал» жазуды тапсырып, өзі «Соғыс психологиясымен» айналысқан. Өйткені мұндай құрал соғыс тақырыбына қалам тартатын нанталап жазушыларға ғана емес, командирлер мен жауынгерлерге, жалпы келер ұрпаққа керек еді. Майдандағы бұл әрекеттері Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ әдебиетін ұйымдастыруши болғанын дәлелдеп қана қоймайды. «Міндетін кең түсінетін командирдің» Алаш арыстарының ісін өз мүмкіндігінше одан әрі жалғастыруға тырысқанын да көрсетеді. Майданнан ұлт мұддесін қорғаган батыл-батыл хаттар жазып, ал демалысқа келгенінде ұлттық рухты көтеру мақсатындағы дәрістер оқыған Момышұлын «современный Бөкейханов» деп атаған екен ұлтшылдықпен құрестің бір «қырағысы». Бұл тенеуде кекесін де, сонымен бірге сескену, шошыну да жатыр. Б.Момышұлының ұлт мұддесін қорғаган хаттары, жазбалары, лекциялары, тіпті «Соғыс психологиясының» да көзі тірісінде жарыққа шықпауы сол «қырағылықтың» әсері.

